

**«Ақ қайын» бөбекжайы» МКҚК 2020-2021 оқу жылының әдістемелік кеңес отырысының
хаттамасы**

№ 1

Құтарыс ауылы

11.09.2020 жыл

Қатысқандар:

- 1) К.Абдраманова – Балабақша меңгерушісі;
 - 2) И.Абитаева – Бастауыш кәсіподақ ұйымының төрайымы;
 - 3) Ж.Исмаилова – бөбекжай әдіскері;
 - 4) Педагог мамандар –14 адам;
- Барлығы: 17 адам.

КҮН ТӘРТІБІ:

1. Диагностикалық карталарды дайындау
2. Құжаттарды рәсімдеу формаларын дайындау
3. Стендтердегі материалдарды жаңарту
4. Педагогтар рейтингісін реттеу

Күн тәртібінің бірінші мәселесі бойынша сөз алған бөбекжай әдіскері Ж.Исмаилова – балалардың отбасылық жағдайлары, яғни әлеуметтік картасын дайындау бойынша диагностикалық картаны дайындау қажеттігі туралы айта келіп, картаны дайындауды психолог Ж.Умироваға жүктеді. Бөбекжайға еліп жатқан тәрбиеленушілердің ата-аналарымен байланыс орната отырып, балалардың әлеуметтік жай-күйі, қызығушылықтары, ата-аналарының немен айналысатындығы т.б. мәліметтерді қамту қажеттігі түсіндірілді.

Келесі мәселе бойынша сөз алған тәрбиеші Г.Жунусбаева – бөбекжай педагогтарының құжаттарды қалай рәсімдеулері қажеттігі бойынша іс-тәжірибелік көмек көрсетті. Әдістемелік нұсқаулық хатқа және мекеменің номенклатуралық құжатына сәйкес қажетті құжаттарды рәсімдеуді үйретті.

Стендтерді жаңа оқу жылына сәйкестендіріп өзгерту жұмыстары да талапқа сәйкестендірілуі қажеттігін әдіскер Ж.Исмаилова түсіндіріп өтті. Балалар тізімдерін,, сабақ кестесі мен күн тәртібін жаңа оқу жылына сәйкестендіріп өзгерту, ата-аналарға арналған ережелер, келісім шарттар, журналдарды жаңартып, іліп, тігіп дайындауды тапсырды.

Биылғы жылы педагогтардың жұмыстарын бағалау мақсатында рейтинг жасалынатындығын. Оның қалай бағаланатындығы туралы айтып өтті. Педагогтарды шығармашылық жұмыстарын жандандыруға, бала тәрбиесінде ізденістер мен әр-түрлі іс-шараларды ұйымдастыруды жоспарлауға шақырды.

Жиналыс шешім етті:

1. Бөбекжай психологы Ж.Умирова балалардың әлеуметтік жағдайын біру мақсатында диагностикалық картаны жасауды жүзеге асырсын, нәтижесін келесі отырысқа дейін шығарсын;
2. Педагогтарға құжаттарды рәсімдеу формасы дайындаылып берілсін, жас мамандарға құжаттар рәсімдеу іс-тәжірибесі үйретілсін;
3. Бөбекжай топтарындағы, дәліздердегі стендтер жаңартылсын, құжаттар жаңартылып ілінсін;
4. Ата-аналармен келісім шарттар жасалынсын;
5. Ата-аналарға балабақшаның ережелері түсіндірілсін;
6. Педагогтар рейтингісінің үлгісі дайындалсын, жыл бойы атқарылған жұмыстары ескерілсін.

Жиналыс төрағасы:

Ж.Исмаилова

Ж.Исмаилова

Жиналыс хатшысы:

Ә.Рахымбаева

Ә.Рахымбаева

**«Ақ қайын» бөбекжайы» МКҚК 2020-2021 оқу жылының әдістемелік кеңес отырысының
хаттамасы**

№ 2

Құтарыс ауылы

16.10.2020 жыл

Қатысқандар:

- 1) К.Абдраманова – Балабақша меңгерушісі;
 - 2) И.Абитаева – Бастауыш кәсіподақ ұйымының төрайымы;
 - 3) Ж.Исмаилова – бөбекжай әдіскері;
 - 4) Педагог мамандар –8 адам;
- Барлығы: 11 адам.

КҮН ТӘРТІБІ:

1. Диагностика нәтижелерін шығару
2. Біліктілікті арттыру курстарына баратын педагогтар тізімін жасау
3. ӘБ жетекшілерімен отырыс

Күн тәртібінің бірінші мәселесі бойынша сөз алған бөбекжай бөбекжай психологы Ж.Умирова балалардың әлеуметтік мәселесі бойынша жүргізілген диагностиканың нәтижесімен жиынға қатысушыларды хабардар етті. Балалардың әлеуметтік жағдайларын айта келіп, көмек қажет балалар туралы да, олардың ата-аналарымен жүргізілуі қажет жұмыстар туралы да айтты. Алдағы уақытта қамқоршылық кеңес мүшелеріне осы мәліметтерді бере отырып, бірлесіп жұмыс жасауға шақырды.

Келесі күн тәртібі бойынша сөз алған әдіскер Ж.Исмаилова 2020-2021 оқу жылында біліктілікті арттыру курсынан өтуі тиіс педагогтарды анықтады. Біліктілікті арттыруы тиіс педагогтардың тізімі анықталып, жыл бойы жұмыс жүргізілуі қажеттігі айтылды. Анықталған тізімді аудандық білім беру бөліміне жолдау туралы да айтылды.

Әдістемелік бірлестік жетекшілерімен жылдық жұмыс барысы жөнінде ой бөлісті. Алдағы жұмыс жылы барысында атқарылатын іс-шараларды нақтылап, жас маманда көрсетілетін көмек түрлерін анықтады. Әдістемелік кеңестің алдағы жұмыс жоспарын пысықтай отырып, балабақша тәрбиеленушілерінің күн режимін қызықты да әсерлі, пайдалы өткізулеріне іс-шаралар, ертеңгіліктер мен сахналық қойылымдар ұйымдастыру, спорттық жарыстар өткізу қажеттігі жөнінде айтылды.

Жиналыс шешім етті:

1. Бөбекжай психологы Ж.Умирова балалардың әлеуметтік жағдайын анықтау мақсатында жүргізген диагностикалық талдауы басшылыққа алынсын;
2. Қамқоршылық кеңес мүшелерімен бірлесе отырып әлеуметтік осал отбасының балаларына көмек көрсету жұмыстары ұйымдастырылсын;
3. 2020-2021 оқу жылына біліктілік арттыру курсынан өтетін педагогтар тізімі анықталсын;
4. Аудандық білім бөліміне біліктілігін арттыру курсынан өтетін педагогтар жөнінде сұраныс хат жіберілсін;
5. Оқу-тәрбие процесін жандандыру мақсатында жосапр түзілсін;
6. Осы шешімнің орындалуына әдіскер Ж.Исмаилова жауапты болсын.

Жиналыс төрағасы:

Ж.Исмаилова

Ж.Исмаилова

Жиналыс хатшысы:

Ә.Рахымбаева

Ә.Рахымбаева

**«Ақ қайын» бөбекжайы» МКҚК 2020-2021 оқу жылының әдістемелік кеңес отырысының
хаттамасы**

№ 3

Құтарыс ауылы

13.11.2020 жыл

Қатысқандар:

- 1) Ж.Исмаилова – бөбекжай әдіскері, әдістемелік кеңес төрағасы;
 - 2) И.Абитаева – Бастауыш кәсіподақ ұйымының төрағасы;
 - 3) Педагог мамандар –14 адам;
- Барлығы: 16 адам.

КҮН ТӘРТІБІ:

1. Аттестациялық папкаларды рәсімдеу формаларын жасау
2. Педагогикалық-психологиялық әдебиеттермен танысу
3. Рейтинг нәтижелерін шығару

Әдістемелік кеңестің кезекті отырысын ашқан кеңес төрағасы Ж.Исмаилова бөбекжай педагогтарының аттестациялық папкаларын рәсімдеу формасын жасақтау үшін патрфолио түрлерін ұсынды. Педагогтардың ортақ таңдауы бойынша 7 бөлімнен тұратын портфолио таңдалды. Бірінші- педагог туралы жалпы мәлімет, екінші – білімі, үшінші – еңбек өтілі, төртінші – педагогтың жеткен жетістіктері, бесінші – жетекшілік еткен тәрбиеленушілерінің жеткен жетістіктері, алтыншы – шығармашылық жұмыстары, жетінші – басшылыққа алып жұмыс жүргізетін нормативтік құжаттары. Осы портфолио негізінде құжаттарын жинақтау тапсырылды.

Инклюзивті білім беруді қолға алу қазіргі білім беру процесінің талабы болғандықтан, қазіргі уақытта балалардың тіл кемістігі қатты белең алып тұр,ан уақытта педагогтардың педагогикалық-психологиялық әдебиеттерді білуі заңдылық. Осы орайда, балаларға білім беру үдерісін тереңдете отырып үйретуде бұл әдебиеттердің алатын орны ерекше екендігі айтылды. Психолог Ж.Умироваға алдағы уақытта бөбекжай педагогтарына инклюзивті білім берудің алғышарттары туралы тренинг өткізу тапсырылды.

Педагогтардың жаңа оқу жылы барысындағы алғашқы рейтингтік көрсеткіші шығарылды. Онда, педагогтардың қыркүйек-қазан айларында атқарған жұмыстарына есеп беріліп, рейтингтік көрсеткіш анықталды. Педагогтарға алдағы уақытта өздерінің біліктілігін, шығармашылығын арттыру мақсатында атқарылатын жұмыстары нақтыланды.

Жиналыс шешім етті:

1. Бөбекжай педагогтарының портфолиосы жинақталсын;
2. Инклюзивті білім беруді қажет ететін балалардың ата-аналарымен жұмыстар жүргізілсін;
3. Ата-аналар тарапынан инклюзивті білім беруді қажет етеді деген балаларға өтініш алынсын;
4. Жинақталған өтініштер бойынша аудандық ПМПК мекемесіне сұраныс берілсін;
5. Педагогтардың біліктілігі, шығармашылығын шыңдау мақсатында рейтингтік көрсеткіш жұмыстары әрі қарай жалғастырылсын.
6. Осы шешімнің орындалуына әдіскер Ж.Исмаилова жауапты болсын.

Жиналыс төрағасы:



Ж.Исмаилова

Жиналыс хатшысы:



Ә.Рахымбаева

**«Ақ қайын» бөбекжайы» МКҚК 2020-2021 оқу жылының әдістемелік кеңес отырысының
хаттамасы**

№ 4

Құтарыс ауылы

10.12.2020 жыл

Қатысқандар:

- 4) Ж.Исмаилова – бөбекжай әдіскері, әдістемелік кеңес төрағасы;
 - 5) И.Абитаева – Бастауыш кәсіподақ ұйымының төрағасы;
 - 6) Педагог мамандар –10 адам;
- Барлығы: 12 адам.

КҮН ТӘРТІБІ:

1. Қыс мезгілінде өткізілетін қозғалмалы ойындардың картотекасын жасау
2. ӘБ жетекшілерімен отырыс

Бүгінгі әдістемелік кеңесте қыс мезгілінде өткізілетін қозғалмалы ойындардың картотекасын жасау мәселесі қаралды. Бүгінгі тақырып бойынша сөз алған тәрбиеші Г.Исаева – қызқы ойындардың түрлерін, зеттеу жұмыстары туралы айта келіп, ойын түрлерімен педагогтарға түсіндірме жұмыстарын жүргізді. Мәселен, «Ұлпа қарды жинау ойыны», «Қар атыспақтойыны», «Аққала құрастыру», «Қолғаптың сынарын тап», «Қар лақтыру» сынды қыс мезгіліндегі қозғалмалы ойындармен таныстырып, қалай ойналатындығы туралы ережелермен бөлісті, картотеканы жинақтау әдісін жас мамандарға үйретті. Ал, әдістемелік бірлестік кеңесінде өткен кеңестегі шығарылған шешімдердің орындалу барысы талқыланды. Бөбекжай педагогтарының портфолиосы жинақталып, талаптарға сай құрастырылды. Алдағы уақытта педагогтардың немесе тәрбиеленушілердің жетістіктерімен жинақталу мәселесі ұдайы жүргізілетін болды. Инклюзивті білім беру бойынша ата-аналармен түсіндірме жұмыстары жүргізілді. Ата-аналар тарапынан өтініштер берілген жоқ. Педагогтар өзін-өзі білімін артыру, шығармашылығын шыңдау жұмыстар әрі қарай жалғастырылуда, рейтингтік көрсеткіш педагогтардың білімін шыңдауына әсер етуде. Аудандық білім бөліміне педагогтардың біліктілігін арттыру бойынша сұраныс хат жолданды. Оқу-тәрбие процесін жандандыру мақсатында дәстүрден тыс әдістемелік жұмыстар жүргізіліп, жоспарға сәйкес жұмыстар атқарылуда.

Жиналыс шешім етті:

1. Қысқы мезгілге сәйкес қозғалмалы ойындар, бақылау, зетрттеу картотекалары жас ерекшеліктеріне сәйкес әр топта дайындалсын;
2. Ата-аналармен бірлесе отырып қыс мезгілінде жүргізілетін ойындар жоспарлансын;
3. Балалармен қыс мезгіліне сәйкес көрме ұйымдастырылсын;
4. «Қыс қызығы» тақырыбында сурет салу арқылы мектепалды даярлық тобы балаларымен әңгімелесу жүргізілсін.
5. Осы шешімнің орындалуына әдіскер Ж.Исмаилова жауапты болсын.

Жиналыс төрағасы:

Ж.Исмаилова

Ж.Исмаилова

Жиналыс хатшысы:

Ә.Рахымбаева

Ә.Рахымбаева

Қатысқандар:

- 1) Ж.Исмаилова – бөбекжай әдіскері, әдістемелік кеңес төрағасы;
 - 2) И.Абитаева – Бастауыш кәсіподақ ұйымының төрағасы;
 - 3) Педагог мамандар –10 адам;
- Барлығы: 12 адам.

КҮН ТӘРТІБІ:

1. Өзіндік талдау жазуға көмек көрсету

Жиналысты ашқан әдістемелік кеңестің төрағасы Ж.Исмаилова өткен кеңесте қаралған мәселелердің шешілу жолына шолу жасады. Қысқы мезгілге сәйкес қозғалмалы ойындар, бақылау, зерттеу картотекалары жас ерекшеліктеріне сәйкес әр топта дайыналу барысын анықтау үшін әр тәрбиешіден атқарылған жұмыстар туралы есеп алды. Барлық тәрбиешілер қысқы мерзімге арналған картотекаларын жинақтау барысымен бөлісті. Ата-аналармен бірлесе отырып қыс мезгілінде жүргізілетін ойындар жоспарының орындалу барысын білу үшін сөз кезегін тәрбиеші Л.Рустемоваға ұсынды. Ол, өз кезегінде әр топ бойынша ата-аналармен жас ерекшеліктеріне сәйкес ойындар, жарыстар ұйымдастырылып өткізілгенін баяндады. Мәселен, «Балауса» мад тобында «Қыс қызығы» тақырыбында ата-аналармен бірлесе отырып, дәстүрден тыс сурет салу жарысы, әңгімелесу өткізілсе, «Балдәурен», «Жұлдыз» және «Айгөлек» ересек топтарында қыс мезгілімен байланыстыра отырып, «Ұлпа қар әлемі» тақырыбында ата-аналармен бірлесе отырып көрме және спорттық жарыс ұйымдастырылғандығын айтты. Алдағы уақытта, ортаңғы топтар арасында да жоспарға сәйкес жарыс ұйымдастырылатындығын тілге тиек етті.

Күн тәртібінің бүгінгі мәселесі бойынша сөз алған тәрбиеші Г.Жунусбаева бөбекжай педагогтарына, оның ішінде жас мамандарға өзіндік талдау жазуға көмек көрсетті. Ең алдымен сабақтың тақырыбын жазамыз, мәселен: «Бауырсақ» ертегісі. Сосын сабақтың мақсатын көрсетеміз, білімділігі: Бауырсақ ертегісінің қойылымын көрсету арқылы оқушылардың танымдық белсенділігін арттыру. дамытушылығы: БАЛАЛАРАДЫ сенсорлық қабылдауын,сөздік қорын молайту. полингвалды компонент: бауырсақ- колобок-dup. тәрбиелігі: өзара сыйласып, достық қарым-қатынаста болуға, біреуге көмек беру, бірін-бірі құрметтеп, үлгі тұтуға тәрбиелеу. Сабақтың мақсатын жазғаннан кейін, сабақтың әдістерін көрсетеміз: көрсету, түсінік беру, ойын ойнату, әңгімелету, сұрақ-жауап. Сабақтың түрін жазамыз: кіріктірілген ашық сабақ. Сабақ түрінен кейін тәрбиелік тапсырмаларды жазамыз: 1.Балалардың патриоттық сезімге тәрбиелей отырып, білімдерін арттыру; 2.Эстетикалық тәрбиелерін қалыптастыру; 3.Ұжымда бір-бірін тыңдап,үлкеннің тілін алуға дағдыландыру. Сосын, қолданған әдіс-тәсілдердің тиімділігін, сабақтың мазмұны балалардың жас ерекшеліктеріне сай құрылды. Балалардың қызығушылықтары болғандығын жазамыз. Ұйымдастырылған оқу қызметі жылулық шеңберінен басталды. Балалар тапсырмаларды орындады. Тәрбиеші топқа келген қонаққа балалардың назарын аударып, ұйымдастырылған оқу қызметіне деген қызығушылықтарын туғызды. Бауырсақ ертегісінің қуыршақ театры арқылы қызықтап қарап шықты,ертегіге деген көңілдері оянып ,сабаққа қызығушылық танытты. Балалардың көңіл-күйлері көтеріңкі болды. Ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінде қолданылған көрнекіліктер эстетикаға сай болды. Балалар ұйымдастырылған оқу іс-әрекетіне ұйымшылдықпен қатысты. Ұйымдастырылған оқу іс-әрекеті қызықты, үлкен дәрежеде өтіп, алдыма қойған мақсатыма жеттім-деп өзіндік талдау жазатындығын толыққанды түсіндіріп өтті.

Жиналыс шешім етті:

1. Тәрбиеші Г.Жунусбаеваның өзіндік талдау жасау туралы шеберлік сабағы жоғары деңгейде өткізілді деп бағаланын;
2. Алдағы уақытта барлық педагогтар өздерінің бір ұйымдастырылған оқу қызметіне өзіндік талдау жасасын;
3. Жас мамандар тәлімгерлердің ұйымдастырылған оқу қызметіне еніп, талдау жасауды үйренсін;
4. Жас мамандардың ұйымдастырылған оқу қызметіне тәлімгерлер еніп, талдау жасасын;
5. Келесі кеңесте өзіндік талдау жасау есептерімен бөліссін;
6. Осы шешімнің орындалуын ұйымдастыру әдіскер Ж.Исмаиловаға жүктелсін.

Жиналыс төрағасы:

Ж.Исмаилова

Ж.Исмаилова

Жиналыс хатшысы:

Ә.Рахымбаева

Ә.Рахымбаева

**«Ақ қайын» бөбекжайы» МКҚК 2020-2021 оқу жылының әдістемелік кеңес отырысының
хаттамасы**

№ 6

Құтарыс ауылы

19.02.2021 жыл

Қатысқандар:

- 1) Ж.Исмаилова – бөбекжай әдіскері,
әдістемелік кеңес төрағасы;
 - 2) И.Абитаева – Бастауыш кәсіподақ
ұйымының төрағасы;
 - 3) Педагог мамандар –13 адам;
- Барлығы: 15 адам.

КҮН ТӘРТІБІ:

1. Педагогикалық-психологиялық әдебиеттермен танысу
2. Рейтинг нәтижелерін шығару

Әдістемелік кеңестің кезекті отырысын ашқан кеңес төрағасы Ж.Исмаилова бөбекжай педагогтарының өзіндік талдау жұмыстарының барысы жөнінде тыңдалым өткізді. Педагогтар өз тараптарынан жүргізілген өзіндік талдау жұмыстарының барысымен бөлісті. Жас мамандар мен тәлімгерлер бір-бірлерінің ұйымдастырылған оқу қызметтерін талдау жүргізу барысы туралы баяндады. Ұйымдастырылған оқу қызметінің алдымен мақсат, міндеттерін, оған жету жолында атқарған жұмыстары барысын, нәтижеге жеткендігі немесе мақсатқа жету жолындағы қиындықтар, оларды қалай еңсеруге болатындығы туралы ұсыныстар мен пікірлерін бөлісті.

Инклюзивті білім беруді қолға алу қазіргі білім беру процесінің талабы болғандықтан, қазіргі уақытта балалардың тіл кемістігі қатты белең алып тұрған уақытта педагогтардың педагогикалық-психологиялық әдебиеттерді білуі заңдылық. Осы орайда, балаларға білім беру үдерісін тереңдете отырып үйретуде бұл әдебиеттердің алатын орны ерекше екендігі айтылды. Психолог Ж.Умироваға алдағы уақытта бөбекжай педагогтарына инклюзивті білім берудің алғышарттары туралы тренинг өткізу тапсырылды.

Педагогтардың жаңа оқу жылы барысындағы алғашқы рейтингтік көрсеткіші шығарылды. Онда, педагогтардың қыркүйек-қазан айларында атқарған жұмыстарына есеп беріліп, рейтингтік көрсеткіш анықталды. Педагогтарға алдағы уақытта өздерінің біліктілігін, шығармашылығын арттыру мақсатында атқарылатын жұмыстары нақтыланды.

Жиналыс шешім етті:

1. Инклюзивті білім беруді қажет ететін балалардың ата-аналарымен жұмыстар жүргізілсін;
2. Ата-аналар тарапынан инклюзивті білім беруді қажет етеді деген балаларға өтініш алынсын;
3. Жинақталған өтініштер бойынша аудандық ПМПК мекемесіне сұраныс берілсін;
4. Педагогтардың біліктілігі, шығармашылығын шыңдау мақсатында рейтингтік көрсеткіш жұмыстары әрі қарай жалғастырылсын.
5. Осы шешімнің орындалуына әдіскер Ж.Исмаилова жауапты болсын.

Жиналыс төрағасы:

Ж.Исмаилова

Ж.Исмаилова

Жиналыс хатшысы:

Ө.Рахымбаева

Ө.Рахымбаева

**«Ақ қайын» бөбекжайы» МКҚК 2020-2021 оқу жылының әдістемелік кеңес отырысының
хаттамасы**

№ 7

Құтарыс ауылы

19.03.2021 жыл

Қатысқандар:

- 1) К.Абдраманова – бөбекжай
менгерушісі;
 - 2) Ж.Исмаилова – бөбекжай әдіскері,
әдістемелік кеңес төрағасы;
 - 3) И.Абитаева – Бастауыш кәсіподақ
ұйымының төрағасы;
 - 4) Педагог мамандар –16 адам;
- Барлығы: 19 адам.

КҮН ТӘРТІБІ:

1. Аттестациядан өтетін педагогтарға көмек

Өткен кеңестегі мәселелердің шешімі бойынша шолу жасаған бөбекжай әдіскері Ж.Исмаилова - Инклюзивті білім беруді қажет ететін балалардың ата-аналарымен жұмыстар жүргізіліп, түсіндіру жұмыстары жүргізілді. Бірақта, ата-аналар тарапынан ерекше білім беруге өтініш бергендер болмады. Ал, педагогтардың білімін шыңдау мақсатында ұйымдастырылған рейтингтік көрсеткіш барысы ұдайы өткізіліп келеді. Педагогтардың жұмысын бағалау көрсеткіштері жақсы нәтиже беруде екендігі айтылды.

Ал, күн тәртібіндегі мәселе бойынша сөз алған тәрбиеші Г.Жунусбаева – аттестациядан өтетін педагогтарға көмек беру мақсатында Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 27 қаңтардағы «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, қосымша білімнің білім беру бағдарламаларын және арнайы оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында жұмыс істейтін педагогтерді және білім және ғылым саласындағы басқа да азаматтық қызметшілерді аттестаттаудан өткізу қағидалары мен шарттарын бекіту туралы» № 83 бұйрығымен таныстырды. Онда, педагогтарды аттестаттаудан өткізу қағидалары мен шарттары, аттестаттаудан өткізу тәртібі, біліктілік бағалауын өткізу тәртібі, мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі, педагогтерге біліктілік санатын беру (растау) тәртібі, педагогтерге кезекті біліктілік санатын беру тәртібі, педагогтерге біліктілік санатын мерзімінен бұрын беру тәртібі, педагогтерге оңайлатылған тәртіп бойынша біліктілік санатын беру тәртібі, ПББ өткізу тәртібі туралы толықтай мағлұмат беріп өтті.

Жиналыс шешім етті:

1. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 27 қаңтардағы «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, қосымша білімнің білім беру бағдарламаларын және арнайы оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында жұмыс істейтін педагогтерді және білім және ғылым саласындағы басқа да азаматтық қызметшілерді аттестаттаудан өткізу қағидалары мен шарттарын бекіту туралы» № 83 бұйрығы басты назарға алынсын;
2. Педагогтар осы бұйрық негізінде аттестацияға құжаттарын дайындасын;
3. Педагогтардың партфолиосын жинақтау жұмысы ҚР Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 27 қаңтардағы № 83 бұйрығына негізделіп жинақталсын;
4. ПББ тестіне электронды өтініш беру жұмыстары ұйымдастырылсын.
5. Осы шешімнің орындалуына әдіскер Ж.Исмаилова жауапты болсын.

Жиналыс төрағасы:



Ж.Исмаилова

Жиналыс хатшысы:



Ә.Рахымбаева

**«Ақ қайын» бөбекжайы» МКҚК 2020-2021 оқу жылының әдістемелік кеңес отырысының
хаттамасы**

№ 8

Құтарыс ауылы

16.04.2021 жыл

Қатысқандар:

- 1) Ж.Исмаилова – бөбекжай әдіскері, әдістемелік кеңес төрағасы;
 - 2) И.Абитаева – Бастауыш кәсіподақ ұйымының төрағасы;
 - 3) Педагог мамандар –16 адам;
- Барлығы: 18 адам.

КҮН ТӘРТІБІ:

1. «Жазғы уақытта балалардың іс-әрекеті» әдістемелік көрме
2. ӘБ жетекшілерімен отырыс

Алдыңғы әдістемелік кеңестегі мәселелердің шешімі бойынша шолу жасаған бөбекжай әдіскері Ж.Исмаилова – педагогтарға ҚР ҚР Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 27 қаңтардағы № 83 бұйрығына негізделі отырып аттестациядан өтетін педагогтарға көмек беру мақсатында жүргізілген жұмыстарға тоқталды. Педагогтар портыолиосының жинақталу барысы, педагогтардың біліктілік тестіне қасытуға өтініш беруін электронды негізде жіберуге үйрету жұмыстары ойдағыдай жүргізілгендігін анықтады. Алдағы уақытта әр педагогқа осы бұйрық негізінде жұмыс жасауға кеңес берілді.

Бүгінгі жиынның күн тәртібі бойынша «Жазғы уақытта балалардың іс-әрекеті» тақырыбында педагогтардың ұсыныстарын тыңдай отырып, жазғы мезгілді қызықты да әсерлі өткізу мақсатында жүргізілетін жұмыстар жөнінде педагогтардың ұсыныстарын жалпылама қарау үшін көрме ұйымдастырылды. Педагогтармен ортақ бір шешімге келе отырып осы ұсыныстардың негізінде ортақ жоспар құрылды. Балалардың еңбек іс-әрекеті үшін педагогикалық мақсатты жағдайлар жасалау, осы іс-әрекетті басқару әдістері мен тәсілдері ойластыру. Өсімдіктерді бақылаған кезде балалар өсімдіктер өсуі мен дамуының негізгі кезеңдерімен танысады, олардың құрылысы мен күтуі жөнінде білімдерін бекіту. Балаларды еңбекке баулу арқылы педагогтар мектеп жасына дейінгі балаларға табиғаттағы тәртіп ережелеріне, өсімдіктер мен жануарлар адамдар сияқты жылулықты, қамқорлықты, тамақты, суды қажет ететінін және олар барлығын сезетініне назарларын аудару мәселелері қаралды.

Ал, әдістемелік бірлестік кеңесінде жыл бойы атқарылған тәлімгер жұмыстары қаралды. Жас мамандардың іс-тәжірибені үренуі, құжаттар айналымын меңгеруші, ұйымдастытырлған оқу қызметтерін өтуі мен өзіндік талдау жасау мәселелері толығымен қаралып, есеп берілді. Мәселен, тәлімгерлер жас маманмен пікірлесу, әлеуметтік жағдайы, тәжірибелік көмек, оқу қызметіне жоспарымен алдын-ала танысу және оқу қызметіне ену және талдау, жоспар жасауға көмектесу, жас маманның кәсіптік деңгейіне диагностика жүргізу және балаларды мерекелік іс-шараларға дайындау барысы туралы мәселелер жыл бойы үйретіліп келгендігі, нәтижелерімен бөлісті. Өз кезегінде жас мамандар да жинақтаған тәжірибелері, алған кеңестері мен бірлесе отырып жұмыс жасау барысын ортаға салды. Осылайша, жас мамандаға жұмыс барысын үйренуге едәуір көмек көрсетілгендігі байқалды, әріптестік іс-тәжірибені әлі де болса жалғастыруға шақырды.

Жиналыс шешім етті:

1. Педагогтердің «Жазғы уақытта балалардың іс-әрекеті» әдістемелік көрмеге ұсынылған құжаттары мен іс-тәжірибелік шеберлік сабақтары басты назарға алынсын;
2. Жазғы сауықтыру кезеңіне жас кезеңіне байланысты жоспар жасалынсын;
3. Тәлімгерлердің жас мамандармен жасаған жылдық жұмысы жақсы деңгейде өткізілді деп бағалансын;
4. Осы шешімнің орындалуына әдіскер Ж.Исмаилова жауапты болсын.

Жиналыс төрағасы:

Ж.Исмаилова

Ж.Исмаилова

Жиналыс хатшысы:

Ә.Рахымбаева

Ә.Рахымбаева

**«Ақ қайын» бөбекжайы» МКҚК 2020-2021 оқу жылының әдістемелік кеңес отырысының
хаттамасы**

№ 9

Құтарыс ауылы

11.05.2021 жыл

Қатысқандар:

- 1) К.Абдраманова – бөбекжай
менгерушісі;
 - 2) Ж.Исмаилова – бөбекжай әдіскері,
әдістемелік кеңес төрағасы;
 - 3) И.Абитаева – Бастауыш кәсіподақ
ұйымының төрағасы;
 - 4) Педагог мамандар –17 адам;
- Барлығы: 20 адам.

КҮН ТӘРТІБІ:

1. Диагностика нәтижелерін талдау
2. Рейтинг нәтижелерін шығару

Әдістемелік кеңестің алдыңғы отырысында қаралған мәселелердің орындалу барысын қараған әдіскер Ж.Исмаилова – жазғы сауықтыру кезеңіне жоспардың дайындалу барысын қарап, баяндап шықты. Оқу жылының аяқталып жатқандығына байланысты жазғы кезеңде атқарылатын жұмыстар, балалар қауіпсіздігі, ата-аналаға кеңестер беру мәселесі, жазғы ойындар картотекаларын дайындау жұмыстары барысы толықтай қаралды.

Күн тәртібінің келесі мәселесі балалардың дағдыларды меңгеруі бойынша қорытынды диагностикалық талдау жұмыстарының ұйымдастырылуын, бастапқы және аралық мониторинг қорытындыларының нәтижелерімен бөлісті. Мектепке дейінгі ұйымның білім беру процесінің тиімділігі, сондай-ақ баланың даму динамикасы туралы ақпарат алу үшін диагностика негізінде Үлгілік бағдарламаның мазмұнын меңгеру бойынша мониторинг жүргізіледітінін айта келіп, мониторингтің мақсатына тоқталды. Біріншіден, баланың жетістіктерін қадағалау, екіншіден, балаларды тәрбиелеу мен дамытуда жеке тәсілдерді қамтамасыз ету, үшіншіден, түзету іс-шараларын жедел жоспарлау негізінде білім беру процесін жетілдіру, төртіншіден, баланың Үлгілік бағдарлама мазмұнын меңгеру деңгейін анықтау. Ал, нәтижелер «Бақылау парағында» толтырылады. Алынған мәліметтер негізінде топтағы әрбір балаға Баланың жеке даму картасы толтырылады. Мониторинг нәтижелері бойынша даму деңгейлері I, II деңгейдегі балалармен қосымша жеке жұмыстар жүргізіледі. Баланың жеке даму картасының «Дамыту, түзету іс-шаралары» бөлімінде мониторинг нәтижелері бойынша балалармен жұмыс і іс-шаралары» бөлімінде мониторинг нәтижелері бойынша балалармен жұмыс істейтін педагогтер мен мамандар баланы одан әрі дамыту іс-шараларын толтырады – деп толықтай түсіндіріп өтті.

Педагогтардың жаңа оқу жылы барысындағы рейтингтік көрсеткіші шығарылды. Онда, педагогтардың жыл бойында атқарған жұмыстарына есеп беріліп, рейтингтік көрсеткіш анықталды. Педагогтарға алдағы уақытта өздерінің біліктілігін, шығармашылығын арттыру мақсатында атқарылатын жұмыстары нақтыланды. Жоғары нәтиже көрсеткен үш педагогты бөбекжай меңгерушісінің алғыс хатына ұсынды.

Жиналыс шешім етті:

1. Балалардың Үлгілік оқу бағдарламаларын диагностикалау жұмысы әдістемелік нұсқаулық хатта көрсетілген ережелерге сәйкестендіріп жүргізілсін;
2. Балалардың жеке даму картасы түзілсін;
3. I, II деңгейдегі балалармен қосымша жеке жұмыстар жүргізілсін;
4. Педагогтардың жылдық жұмысы қорытындысына жасалынған рейтингтік көрсеткішіне сәйкес жоғары нәтиже көрсеткен үш педагог меңгерушінің алғыс хатына ұсынылсын.

Жиналыс төрағасы:



Ж.Исмаилова

Жиналыс хатшысы:



Ә.Рахымбаева